

**Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігі**

**«Біліктілікті Арттырудың
Қазақстандық Өніраалық
Орталығы»**

**«Жаһандық құзыреттілік» курсын оқытудағы инновациялық
әдістемесі» атты педагогтердің біліктілікті арттыру курсының білім беру
бағдарламасының**

САРАПТАМАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Сараптамаға «Біліктілікті Арттырудың Қазақстандық Өніраалық Орталығы» әзірлеген «Жаһандық құзыреттілік» курсын оқытудағы инновациялық әдістемесі» атты педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) ұсынылды.

1-бөлім. Тындаушылардың біліктілігін арттыру процесінде жаһандану, цифrlандыру және мәдениетаралық мәселелерді зерттеу, мәдениетаралық қарым-қатынас орнату, құндылықтарды қалыптастыру, өзгермелі әлемге тез бейімделу, курделі жағдайда шешім қабылдау, жаһандық мәселелерді шешүге қатыса отырып, жаһандық құзыреттерді қалыптастыру мәселелері қамтылған. Курстың оқыту ұзақтығы – бағдарламаға қосымша берілген оку жоспарына сәйкес 80 академиялық сағатты құрайды.

Қазақ және орыс тілінде оқытатын білім беру ұйымдарының барлық деңгейіндегі педагогтерін жаһандық проблемаларды зерттей отырып, оларды шешүге қатысу, мәдениетаралық қарым-қатынастар мәселелерін түсінуге және оны бағалауға, әртүрлі көзқарастар мен толеранттылықты түсініп, құрмет көрсету, жаһандық құзыретті тұлғаны тәрбиелеу мен қалыптастыруға, әлеуметтік жауапкершілікті арттыру, азаматтық және патриотизм, экологиялық мәдениет, тұлға ретінде кәсіби өсуіне, жеке дағдыларын дамытуға, педагогтердің кәсіби дамуын қолдауға бағытталады. Бағдарлама мазмұны білім беру ұйымдарында қызмет жасайтын педагогтерге арналған.

2-бөлім. Глоссарий бағдарлама талаптарына сәйкес педагогтердің жаһандық құзыреттілік, мәдениетаралық коммуникация, шығармашылық ойлау, цифрлық сауаттылық, көпмәдениетті орта, педагогикалық шеберлік, сыни ойлау, әлеуметтік әділеттілік, экологиялық жауапкершілік, жаһандық азаматтық туралы түсінік беріп, педагогтердің білім алуларына, біліктерін, құзыреттіліктерін қолдануға және кеңейтуге мүмкіндік бере отырып, педагогикалық шындалуына, кәсіби өсуіне бағытталған.

3-бөлім. Бағдарлама тақырыбы

«Жаһандық құзыреттілік» курсын оқытудағы инновациялық әдіс» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы 5 (бес) негізгі

модульден тұрады. Жаһандық құзыреттіліктің негіздері, инновациялық білім беру әдістемелері мен технологиялары, жаһандық құзыреттілікке бағытталған оку бағдарламалары мен бағалау жүйелері, әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік: Жаһандық мәселелерді шешуде білімнің рөлі, курс нәтижелерін бағалау және қолдану модульдерін қамтиды. Курс бағдарламасының мақсаты, міндеттері мен күтілетін нәтижелері, құрылымы мен мазмұны, тақырыптары педагогтерге жаһандық құзыреттіліктің мәні мен оның педагогикадағы рөлі, жаһандық мәселелер, мәдениетаралық коммуникация, инновациялық педагогикалық әдіс-тәсілдер, цифрлық білім беру құралдары мен ресурстарды қолдану, бағалау әдістері, инновациялық жобалар мен әдістер, жасанды интеллект, оку бағдарламаларын жоспарлау, пәнаралық интеграция, көпбейінді оқыту, бағалау жүйелері, цифрлық құралдар мен платформалар, әлеуметтік әділеттілік пен инклюзивті білім беру, экологиялық мәдениет, әлеуметтік жауапкершілік, жаһандық қызындықтарды шешу мәселелері бойынша білімдерін кеңейтіп, дамытуға негізделген.

4-бөлім. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Курс білім беру мекемелеріндегі педагогтердің қызметі үшін кәсіби құзыреттілігін арттыру бағдарламаның **мақсаты** болып табылады. Педагогтерге жаһандық құзыреттіліктерді меңгерген бәсекеге қабілетті білім алушыларды қалыптастыра отырып, жаһандық процестер мен олардың өзара байланыстарын терең түсінуге, сын тұрғысынан ойлау, ақпаратты талдау және негізделген шешімдер қабылдау дағдыларын қалыптастыруға, мәдениетаралық құзыреттілікті, экологиялық жауапкершілік, тұрақты даму мәселелерін оқыту арқылы тәрбиелеу, толеранттылық, құрмет көрсету, халықаралық командаларда ынтымақтастық, коммуникация және көшбасшылық қабілеттерді дамытуға, әлеуметтік әділеттілік, инклюзивті білім беру принциптерін енгізу, экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік дағдыларын қалыптастыру, әлеуметтік жауапкершілікті және жаһандық мәселелерді шешуге белсенді қатысуға дайындықты арттыруға, цифрлық құралдар мен платформалар арқылы оқушылардың әлеуметтік жауапкершілігін арттыру, экологиялық дағдарыстарды оқыту, әлеуметтік, эмоционалды, этикалық құзыреттіліктерді үйретеді.

Білім беру мекемелеріндегі педагогтердің жаһандық, азаматтық құзыреттіліктерді қалыптастыру, жаһандық мәселелерді қарастыру және шешу, экологиялық жауапкершілікті арттыру, цифрлық технологиялар мен ресурстарды қолдану, білім беру жобалары мен олардың маңызы туралы білімдері мен көзқарастарын арттыру мақсатында құрылған курс бағдарламасы педагогтерге арналған.

5-бөлім. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны.

Бағдарламаның құрылымы бағдарламаның мақсаты, міндеттері мен күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған. Тындаушыларды оқыту барысында жаһандық құзыреттілік негіздері, тұрақты даму, белсенді азаматтық, жергілікті, жаһандық деңгейдегі әрекеттер мен мәселелерді шешу, мәдениетаралық коммуникация орнату, мәдениетаралық байланыс,

мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту, мәдениетаралық өзара іс-әрекет, экология негіздері, экологиялық сана мен жауапкершілік, азаматтық, әлеуметтік жауапкершілік, сандық технологиялар мен оларды қолдану, оқытудағы инновациялық бағалау әдістері туралы түсініктерін қалыптастыруға бағытталған.

Курс күндізгі және қашықтықтан оқыту түрінде жүргізіледі.

6-бөлім. Оқу процесін үйымдастыру.

Бағдарламаның мазмұны тындаушылардың жаһандық, кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Білім беру процесін үйымдастыру кезінде тындаушылардың білімін бағалау мақсатында тапсырмалар орындалады. Курстың ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды. Курс бағдарламасы вебинар (*36 сағат*), дәрістер мен презентацияларды өз бетінше оқыту (*38 сағат*), өзіндік жұмыс (*4 сағат*), тестілеу (*2 сағат*) бөлімдерінен тұрады.

Курс сонында тындаушылар жоба қорғап, тест тапсырады.

7-бөлім. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.

Бағдарлама аясында білім беру үйымдарының педагогтеріне жаһандық құзыреттіліктерге байланысты презентациялар беріліп, өзіндік жұмыстарда жеке тақырыптар бойынша тапсырмалар орындалады. Бағдарламаны іске асыруда қорытынды бойынша қорытынды бағалау жұмысы жүргізіледі. Бағдарламаны менгеру барысында педагогтерге курста өзіндік жұмыс, жобаны қорғау, тестілеу мен бағалау критерийлері, бағалау шкаласы берілген.

8-бөлім. Оқыту нәтижелерін бағалау.

Бағалау процесі тындаушылардың курс бойынша білімдерін қорытынды тестілеу сұраптарына жауап беру және жобаларды қорғау арқылы жүреді. Оқу жетістіктері және жобаны бағалау критерийлері мен өлшемшарттары берілген. Қорытынды тестілеу бойынша шекті деңгей 20 балл.

9-бөлім. Курстан кейінгі қолдау.

Педагогтерді курстан кейінгі қолдау көрсету түрлері, курстан өткен педагогтер сұранысына сәйкес, тренер тарапынан кеңес беру және әдістемелік көмек көрсету арқылы жүзеге асырылады, негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі берілген. Педагогтерді тәжірибе алмасу мақсатында түрлі іс-шараларға (*семинарлар, вебинарлар, тренингтер, байқаулар және т.б.*) қатысуына ықпал ету және курстан кейінгі қолдау мақсатында үш жыл көлемінде қашықтықтан кеңес беру түрінде (*электронды пошта, ұялы байланыс, әлеуметтік желі*) жүзеге асырылады. Тренер курс барысындағы оқу-әдістемелік материалдарды арнайы интернет-платформаларда орналастырады.

10-бөлім. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

«Жаһандық құзыреттілік» курсын оқытудағы инновациялық әдістемесі» атты педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасының негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі мен қорытынды тест тапсырмалары берілген, алайда педагогтердің біліктілігін арттыру

курсының білім беру бағдарламасына төмендегі ұсыныстар назарға алынуды қажет.

Сараптамалық қорытынды:

1. «Жаһандық құзыреттілік» курсын оқытудағы инновациялық әдістемесі» атты педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасының мазмұны толықтыруды (*титул парагында курстың тақырыбы «Жаһандық құзыреттілік» курсын оқытудағы инновациялық әдіс» деп жазылған, «Жаһандық құзыреттілік» курсын оқытудағы инновациялық әдістемесі» деп түзету, қосымша модульдерді және модульдерде қамтылатын тақырыптарға юниттер аясында қосымша тақырыптарды қосып, мазмұнын ашип көрсету)*) қажет етеді;

2. Курс бағдарламасының глоссарийін толықтыру қажет;

Негіздеме: «Педагогтердің біліктілігін арттыру курсаралының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «27» тамыз 2022 жылғы №384 бұйрығында көрсетілген талаптары ескерілген. Дегенмен, «Жаһандық құзыреттілік» курсын оқытудағы инновациялық әдістемесі» атты педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы бойынша ұсыныстар көрсетілді.

Көрсетілген ұсыныстардың енгізілуі негізінде бағдарламамен келіседі.

Сараптамалық кенес отырысының №8 хаттамасы, 10.04.2025 жыл.

Сарапшы

